

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 2 НАУРЫЗДАҒЫ
 ҚАУЛЫСЫ

1. Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор *А.Т.Құлсариеваның* «Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының 2019 жылғы нәтижелері туралы» есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т.Құлсариеваның</i> «Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының 2019 жылғы нәтижелері туралы» есебі - <i>назарға алынсын.</i>		
2	Профессор-зерттеуші және постдоктор бағдарламасындағы стипендиат лауазымына конкурс өткізу тәжірибесін жалғастырсын.	<i>Ғылым департаменті директоры С.К.Сахиев</i>	
3	Университеттің өз қаражатынан ғылыми-зерттеу жобаларын, соның ішінде шетелдік және отандық білім-ғылым ұйымдарымен бірлескен жобаларды қаржыландыру тәжірибесін жалғастырсын.	<i>Қаржы-экономикалық департаменті директоры Т.С.Сапарбаева</i>	
4	ҚР БҒМ-нің жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына дайындық жұмыстары белсенді түрде жүргізілсін. Шетелдік журналдардағы жарияланымдардың және қорғалатын диссертациялардың сапасын арттыруға бағытталған шағын ғылыми семинарлар жұмысы нәтижелі бағытта жүзеге асырылсын. Студенттердің дипломдық жұмыстарына, магистрлік және докторлық диссертациялардың ұсынылған тақырыптарына мектептерде, колледждерде, ЖОО-да тәжірибелік жұмыстар жүргізумен алынатын қолданбалы зерттеу тақырыптары енгізілсін. Ғылыми жарияланымдары жоқ ПОҚ санын төмендету бойынша шаралар қабылдасын. Осы Ғылыми кеңес шешімдері институт, кафедра отырыстарында талқылаудан өткізілсін.	<i>Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	
5	Осы шешімнің орындалуын қадағалау	<i>Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Құлсариеваға</i>	<i>жүктелсін.</i>

2. Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры **А.М.Байдильдина**ның «Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жанартылған білім беру бағдарламаларының мәселелері мен даму болашағы туралы» анықтамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ КАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметін қамтамасыз ету немесе университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен біріктіру мәселесіне байланысты құжаттар дайындалып, бекітілсін.	<i>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев, Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор А.Т.Күлсариева</i>	15.03.2020
2	Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығаруға дайындау, тексеру және ұсыныстар регламенттері дайындалып, бекітілсін.	<i>Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина, РОӘК Оқу-әдістемелік бірлестілігінің ғалым хатшысы Ұ.С.Нұрғалиева</i>	15.03.2020
3	РОӘК ЖБТ жобалау командаларының жұмысы қамтамасыз етілсін	<i>Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина, РОӘК Оқу-әдістемелік бірлестілігінің ғалым хатшысы Ұ.С.Нұрғалиева, институт директорлары</i>	үнемі
4	Тақырыптық жоспарды белгіленген мерзімде орындау жөніндегі жұмыстар күшейтілсін. 2020-2021 оқу жылынан бастап бекітілген оқу жоспарларына жаңа пәндерді енгізуге және ауыстыруға тыйым салынсын және қадағалансын. Жаңа форматтағы педагогикалық практика бағдарламасы (АМЖД, ОӘБ РОӘК) әзірленіп, бекітуге ұсынылсын.	<i>Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина, оқу-әдістемелік бөлім бастығы Т.А. Өмірбекова</i>	әр квартал сайын 2020 ж үнемі 15.03.2020
5	Жаңа білім бағдарламаларын көптілділік форматында оқыту қарастырылсын және ұйымдастырылсын. Univer жүйесінде сабақ кестесін жасау жұмысы қамтамасыз етілсін.	<i>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жапбеков, Институт директорлары, кафедра меңгерушілері</i>	15.08.2020 15.03.2020
6	Лауазымдық міндеттерге сәйкес тапсырмаларды орындамағаны және даулы жағдайлар жасағаны үшін лауазымды адамдарға қолданылатын шаралар жүйесі әзірленсін.	<i>Әкімшілік департаментінің директоры Г.С.Дулатов</i>	15.04.2020

7	Диспетчерлердің мәселелері (жалақы, лауазымдық нұсқаулықтар, т. б.) қарастырылсын және шешімін табу жұмыстары жүргізілсін.	Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры Х.Н.Жанбеков , Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М. Байдильдина	15.08.2020
8	UNIVER жүйесінде ПООК мазмұнының сапасы мен дұрыс толтырылуы қадағалансын.	Институт директорлары, кафедра меңгерушілері, институттардың әдістемелік бюросы	15.08.2020
9	Техникалық жабдықтарды жаңарту және білім беру процесінің жабдыкталуы қамтамасыз етілсін (компьютерлік сыныптар, проекторлар, интерактивті панельдер және т. б.)	Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры Б.С.Ахметов , Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Р.И.Тыныбеков	15.08.2020
10	ХАОК (МООК) әзірлеуде техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсін.	Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры Б.С.Ахметов	15.05.2020
11	Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бойынша жұмыстар күшейтілсін, барлық ПОҚ үшін "BilimLab" ресурстық орталығы қолжетімді таныстырылсын және қамтамасыз етілсін.	Кафедра меңгерушілері, STEM-парк директоры Б.Г.Бостанов	15.04.2020

3. Математика, физика және информатика институтының директоры **М.Ж. Бекпатишаевтың** «Математика, физика және информатика институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалуы» есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	Математика, физика және информатика институтының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы - қауағаттанарлық деп танылсын.		
2	Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру және білім беру бағдарламаларының практикалық-бағдарлануын қамтамасыз ету мақсатында физикалық оқу зертханалары қазіргі заманғы приборлармен жабдыкталсын	Математика, физика және информатика институтының директоры М.Ж.Бекпатишаев , Бас бухгалтер Т.С.Сапарбаева , Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Р.И.Тыныбеков , Математика, физика және информатика институтының кафедра меңгерушілері	15.08.2020
3	Жаратылыстану-ғылыми пәндер(математика, физика, информатика) бойынша мұғалімдерді даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны ҰҚТ және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестендірілсін	Математика, физика және информатика институтының директоры М.Ж.Бекпатишаев , Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жанбеков , Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдина , Математика, физика және информатика институтының кафедра меңгерушілері	Жыл бойы

4	Цифрлық университетке көшу жағдайында білім беру бағдарламаларында инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемелерін кеңінен енгізу камтамасыз етілсін.	Математика, физика және информатика институтының директоры М.Ж.Бекпаташев, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н. Жаубеков, Математика, физика және информатика институтының кафедра меңгерушілері	Жыл бойы
5	Жас оқытушыларды Республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға, конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысу үшін ынталандыру мен жас ғалымдарға тәлімгерлікті дамыту шаралары іске асырылсын. ПОҚ біліктілігін арттыру, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тарту және жаратылыстану-ғылыми бағыт бойынша педагогикалық кадрларды даярлау саласында бірлескен зерттеулер жүргізу бойынша жоспар құрылсын.	Математика, физика және информатика институтының директоры М.Ж.Бекпаташев, Ғылыми департаментінің директоры С.Қ.Сахиев, Математика, физика және информатика институтының кафедра меңгерушілері	Жыл бойы
6	Университет кітапханасына, институт кафедраларымен бірге ағылшын тілінде физика және информатика мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының кәсіптік пәндерін лицензиялық талаптарға сәйкес оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдармен 100% камтамасыз етілуін қарастырсын.	Математика, физика және информатика институтының директоры М.Ж.Бекпаташевқа, Ғылыми кітапхана директоры Н.Ж.Имансыдықоваға, Математика, физика және информатика институтының кафедра меңгерушілері	15.08.2020

4. 4.1 Біліктілікті жетілдіру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры **А.А.Семченконың** «2019-2020 оқу жылының бірінші жарты жылдығында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша студенттерді оқыту қорытындылары туралы» есебін тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ**
КАБЫЛДАДЫ:

1	Біліктілікті жетілдіру және қашықтықтан оқыту орталығының директоры А.А.Семченконың «2019-2020 оқу жылының бірінші жарты жылдығында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша студенттерді оқыту қорытындылары туралы» акпараты назарға алынсын.	
2	Қашықтан білім беру бағдарламалары үшін контенттерді дайындау бақылауға алынсын.	Оқу ісі жөніндегі проректор А. А. Сатмырзаев, Біліктілікті жетілдіру және қашықтықтан оқыту орталығы А.А.Семченко, институт директорлары
3	2020 жылдың 15 наурызына дейін кафедра оқытушыларының қашықтықтан білім беру бағдарламалары үшін контенттер әзірлеуін камтамасыз етілсін.	Институт директорлары, кафедра меңгерушілері

4	2020 жылдың 31 наурызына дейін университет порталында қашықтықтан білім беру контенттері ресімделсін. Қашықтықтан білім беру форматында студенттердің оқу үдерісіне қатысуына ай сайын бақылау жүргізілсін.	Біліктілікті жетілдіру және қашықтықтан оқыту орталығы <i>А.А.Семченко</i>	
5	Емтиханлық сессияға қатыспаған және оқуға кіріспеген қашықтықтан білім беру студенттерін оқудан шығару туралы ұсыныс дайындау жүктелсін.	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <i>Х.Н.Жанбеков</i> , институт директорлары	

4. 4.2 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтің* «Абай тобы» конкурсының Ережесін бекіту туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	«Абай тобы» конкурсының Ережесі – <i>бекітілсін.</i>
---	--

4. 4.3 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтің* «ОПЖ-ның сағаттық еңбекақысы туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	Профессор-оқытушылар құрамына жазбаша емтихан жұмыстарын тексергені үшін білім алушының бір жұмысына 0,25 академиялық сағат мөлшерінде сағаттық төлемақы <i>енгізілсін.</i>
---	---

4. 4.4 *А.Т.Құлсариеваның* «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелігіне және Академик атағына босаған орындарға (вакансия) жарияланған конкурса үміткерлерді ұсыну туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1	«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелігіне және Академик атағына босаған орындарға (вакансия) жарияланған конкурса үміткерлер тізімі- <i>бекітілсін.</i>
---	--

5. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор *М. Бектемесовке* жүктелсін.



Handwritten signature in blue ink.

Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева